

Чаглинка станциясының негізгі орта мектебінің бірыңғай Республикалық «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы мүшелерінің атқарған жұмыстарының жылдық есебі

Мектеп тәлімгері 2024-2025 оқу жылында «Жас Ұлан» ұйымының жылдық жоспарын, «Жас Ұлан» ұйымының жеті бағытының жоспарын, аға тәлімгер жоспарын әдістемелік нұсқаулықты негізге ала отырып, жасап шықты. Жылдық жоспардың негізінде айлық, апталық жоспарлар түзілді.

Мектепте ұйым Ұланбасшысы, мектеп комитетінің мүшелері сайланып, барынша жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы төмендегі 7 бағыт бойынша жұмыс жүргізуде:

1. «Руханият»
2. «Отан»
3. «Жеті Жарғы»
4. «Салауат»
5. «Экоәлем»
6. «Еңбек»
7. «Зерде»

Чаглинка станциясының негізгі орта мектебінің аға тәлімгер 2024-2025 оқу жылында «Жас Ұлан» ұйымы мүшелерімен бірге төмендегі жұмыстарды атқарды:

2024 жылдың 1 қыркүйегінде 1–9 сынып оқушыларына арналған жаңа оқу жылының басталуына орай «Мектебім – мейірім мекені» атты алғашқы қоңырау салтанатты жиыны ұйымдастырылды. Іс-шара мемлекеттік Әнұранмен басталып, мектеп директорының м.а. Мамбетова М.К. мен ұстаздар жылы лебіздерін білдірді. Жас түлектер мен алғаш мектеп табалдырығын аттаған 1-сынып оқушыларына ерекше назар аударылып, мерекелік қойылымдар, ән-шашу, өлеңдер мен би нөмірлері ұсынылды. Іс-шара жоғары деңгейде өтті. Оқушылар мен ата-аналар ерекше көңіл-күймен тарады. Жаңа оқу жылына деген жігер мен ынта қалыптасты. Балаларға мектептің – білім мен мейірім ордасы екені ұғындырылды.

https://www.instagram.com/reel/C_YeM8OsL9B/?igsh=MWZ1dWgyYTkWNjUxcQ==

https://www.instagram.com/reel/C_Xb6mKMGao/?igsh=ZHBud3JyaGVlY3Ji

Қыркүйек айында «Жас Ұлан» мен «Жас Қыран» жасөспірімдер мен балалар ұйымының алғашқы отырысы болды. Отырыс барысында ұйымның тұжырымдамасы мен бала құқығы туралы конвенциямен оқушыларды таныстыр отырып, жаңа оқу жылына жаңа басшыларды тағайындау жөнінде мәселелер қаралды.

«Жол қауіпсіздігін сақтаймыз» атты тақырыпта барлық сыныптарда сынып сағаты өткізілді. Оқушылар жолда жүру ережелерінің маңыздылығын түсінді. Қауіпсіздік туралы білімдерін толықтырып, белсенділік танытты. Сынып сағаты тәрбиелік мәні жоғары, мазмұнды өтті.



Балаларға салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Сергіту сәті» челленджі өткізілді. Сергіту сәті-бұл физикалық жаттығулардың шағын жиынтығы, «Жас Ұлан» ұйымы мүшелері іс-шараға белсене қатысты.

Отбасылық құндылықтарды насихаттау мақсатында «Жас Ұлан» ұйымы мүшелерінің қатысуымен «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбымен спорттық эстафета ұйымдастырылды.

Отбасылық құндылықтарды насихаттау мақсатында «Бақытты отбасы-бақытты балалық шақ» тақырыбымен балалар бейнежазбалар жасады.

«1қазан-Қарттар күні» мерекесіне орай қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Жас жеткіншектеріміз қарттарымыздың шаңырағына арнайы ат басын бұрып, қазыналы қарттарымыздың тыныс-тіршілігімен танысып, үй шаруасына қолғабыс жасап, батагөй қарияларымыздың ақ батасын алып қайтты.

<https://www.instagram.com/p/DATBFpWMTma/?igsh=aWd2MjY1OWRnMGZm>

Қариясы бар елдің қазынасы бар. Қарттарымыз еліміздің көзі тірі шежіресі. Ел дамауына өмір бойы тер төккен ардагерлер. Сондықтан бүгінгі ұрпақ қариялардың алдында қарыздар. Осы қасиетті парызды ұмытпай қарияларға құрмет көрсету үшін, Чаглинка станциясының негізгі орта мектебінде «Қарты бар ел - қазыналы ел» мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/DBbSFPkMoDT/?igsh=a3l1enNneTBvdzk%3D>

5 қазан- Ұстаздар күніне орай «Ұстазым, ұлағатым, үлгі-өнегем» тақырыбымен ардагер ұстаздарға, мұғалімдерге арналған мерекелік іс-шара өткізілді.



<https://www.instagram.com/reel/DAu98hSMr-m/?igsh=amppZGldWo1ZWE4>

"Тоғыз айға – тоғыз іс шара" жобасы аясында мемлекеттік Әнұранды жаппай орындау челленджі ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Өзін-өзі басқару" органдарын дамыту тұжырымдамасына сәйкес 2024 жылғы 19 қазан күні мектебімізде биылғы оқу жылындағы "Мектеп Парламенті" көшбасшысын анықтау мақсатында сайлау өткізілді.




2024 жылғы 21 қазан күні "Мектеп Парламенті" Президентін ұлықтауға арналған салтанатты жиын өткізілді.



Республика күніне орай мектебімізде "Менің Отаным-Қазақстан" тақырыбымен мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.



Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында «Жақсыдан үйрен-жаманнан жирен», «Адалдық-ардың ісі», «Жемқорлыққа жол жоқ!» т.б. тақырыптарда адалдық сағаты өткізілді.



<https://www.instagram.com/p/DCjDt7TMg39/?igsh=djk3bzAyMzk2cjRw>

«Көк тудың желбірегені, жаныма қуат береді» тақырыбымен сынып сағаттары, тәрбие сағаттары өткізілді.



«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбымен сынып сағаттары өткізілді.



«Аралдар әлеміндегі Жаңа жыл». Жаңа жыл мерекесі әр түрлі аралдар стилінде ұйымдастырылды. Әр сынып белгілі бір арал елінің дәстүрі мен мәдениетін таныстырып, сол стильде киініп, би билеп, ән айтып, сахналық көрініс көрсетті. Зал безендіруінде де әр аралға тән элементтер қолданылды және дастархан жайды. Іс-шара көңілді, қызықты әрі тәрбиелік мәні жоғары деңгейде өтті. Оқушылар әр елдің мәдениетімен танысып, өз шығармашылықтарын көрсетті. Мереке оқушылардың жаңа жылдық көңіл-күйін көтеріп, ұмытылмас әсер сыйлады.



<https://www.instagram.com/reel/DEERd9OIILl/?igsh=Ymc1eGs4a2Jxbm40>

<https://www.instagram.com/reel/DEER1NDIJ6a/?igsh=MWM5Z2psNTBkcmc0cQ==>

<https://www.instagram.com/reel/DEER1NDIJ6a/?igsh=MWM5Z2psNTBkcmc0cQ==>

<https://www.instagram.com/reel/DEEUVBYYoMdH/?igsh=MTFxeXlqZHk0ZGRnaA==>

«Біз буллингке қарсымыз» атты дөңгелек үстел, сынып сағаттары өткізілді. Оқушылар буллингтің зияны туралы нақты мәлімет алды. Тақырып бойынша белсенділік танытып, өз ойларын еркін жеткізе білді.



<https://www.instagram.com/p/DFCFcuWIZKh/?igsh=ZzdycWhybGU3bHB1>

<https://www.instagram.com/p/DIs8LXPsslk/?igsh=ajU0azZ4ZGEydzQx>


<https://www.instagram.com/p/DCIBe8Y0qv8/?igsh=a2tuczN6NmNqempw>

«Діни экстремизм – қауіпті құбылыс» түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Теріс діни ағымдар уағызы» бойынша видеоматериалдар көрсетілді. Оқушылар діни экстремизмнің қоғамға қауіпті құбылыс екенін ұғынып, жалған діни идеологиядан аулақ болу қажеттігін түсінді. Қатысушылар белсенділік танытып, қойылған сұрақтарға толық әрі саналы жауап берді.

<https://www.instagram.com/p/DGxjo0HMfLA/?igsh=dGZnNnpvNTFmMnhu>

«Вандализм және бұзақылық» тақырыбындағы сынып сағаттары өткізілді.

Сынып сағаты барысында оқушыларға «вандализм» және «бұзақылық» ұғымдарының мағынасы, олардың түрлері мен салдары туралы мәлімет берілді. Мұндай әрекеттердің заң алдындағы жауапкершілігі түсіндірілді. Оқушылармен бірге нақты өмірлік мысалдар талқыланып, жағдаяттар бойынша пікір алмасу ұйымдастырылды. Бейнематериал көрсетіліп, сұрақ-жауап және шағын топтық тапсырмалар орындалды.



<https://www.instagram.com/reel/DHgOYzVMUf-/?igsh=MWRveXl2cXdtczh6OQ==>

«Мектеп Парламенті», «Жас Ұлан» ұйымы мүшелері «Алтын жүрек» челленджіне қатысты. Алғыс айту күніне орай шәкірттеріміз ардагер ұстаздарға, аналарына алғыс айтты.

<https://www.instagram.com/reel/DGkPrWxsu3P/?igsh=MTJuMTVhaW5nd241bA==>

<https://www.instagram.com/reel/DGknPOPoPdk/?igsh=NTZkem44MWkwZmVj>

<https://www.instagram.com/reel/DGnW1EisM4L/?igsh=aGE3NHpmbzVnZDE1>

<https://www.instagram.com/reel/DGmy6DxIYuh/?igsh=NGg3czQzYXcybDUw>

Спорттық сайыстар ұйымдастырылып, «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы, «Мектеп Парламенті» ұйымы, «Адал Ұрпақ» еріктілер клубы мүшелері белсене қатысты.

«Таза Қазақстан» Республикалық акциясының «Жасыл апта-2025» апталығы аясында сенбілік ұйымдастырылды. Барлық сыныптар белсенді атсалысты. Мектебіміздің бітіруші түлектері мектеп әкімшілігінің қатысуымен 8 түп ағаш отырғызды.

<https://www.instagram.com/reel/DI2tfYBxv8A/?igsh=azg1ZXljG9rYjly>

<https://www.instagram.com/p/DI3xapPoOQb/?igsh=Z3o1NTd3ZG0zZHdt>

<https://www.instagram.com/p/DI3xft7I4Az/?igsh=MWIwOXA1Y3R4ZDRtNw==>

<https://www.instagram.com/p/DJDyZ4iMsI4/?igsh=MTVwb2Y3amRkc2dhdg==>

«1 мамыр-Қазақстан халқының бірлігі күні» мерекесіне орай сынып сағатары, тәрбие сағаттары өткізілді.

Республикалық Біріңғай «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы Республикалық Қоғамдық бірлестігінің қатарына мектеп оқушыларын қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиыны өтті. «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына 2 сынып оқушылары және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына 5 сынып оқушылары қабылданды. Біріңғай «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты түрде қабылдау рәсіміне мектеп директорының м.а Мамбетова Марал Кудайбергеновна, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Аукарова Гульнара Жумашевна, бастауыш сынып мұғалімі Самойленко Наталья Николаевна және мектеп президенті Екпін Перизат оқушыларға туымыз түстес көгілдір галустук пен төсбелгілерін табыстады.



<https://www.instagram.com/reel/DJEPHhFMojp/?igsh=eHVyaW53dHZleGc0>

Аға-тәлімгер: Рахимжанов М.Х.
Хайролла А.Т.

